

31.05.2014 ж.

## Ұлт жанды ұл Етженді

### Ғалихан МӘУЛЕТОВ, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері

Мен бұл мақаламда жер дауын қоздырғалы отырған жоқпын. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанның шекарасын екі жақтағы алпауыт көршімен де шегелеп алғанына көңіліміз тоқ. Бірақ та тарихты жастарымыз біліп, келешекте оны жадында сақтағаны дұрыс деп ойлаймын. Қазақтың байырғы жерінің екінші рет саудаға түсуі мемлекет басына волонтарист, авантюрист, ұлтшыл Н.Хрущевтың келуімен жалғасты. Ол таққа отырысымен-ақ, республикалар арасындағы шекараларды жойып, бөлінбейтін үлкен Ресей мемлекетін құру туралы өзінің сандырақ идеясын іске асыруға кірісті. Туысқан көршілес халықтар арасында жер дауын туғызып, оларды бір-біріне қарсы айдап салды. Мен жас кезімде халқымыздың ардақты ұлы Жұмабек Тәшеновті екі рет көрген едім. Сол кездесудің екеуінен де қатты әсер алған болатынмын. Жүмекең ұлтжанды, кем-кетік, жетім-жесірлерге ерекше қарап, қолынан келген көмегін көрсетуге дайын жан еді деседі. Ағаның қайырымдылығын өзім де көргенім бар. ҚазГУ-де оқып жүрген студент кезімізде 24 рубль шамасындағы стипендия күнкөрісімізге жетпей қалатын. Тойып тамақ ішпей жүрсек те, әлімізге қарамай, жерлес, курстас қыздарды театрға, киноға шақыратынымыз тағы бар. Жастық-ай десенші, арзан болса да сәнді киініп галстук тағуды ұнататынбыз. Елден келетін жәрдем жоқтың қасы. Амалсыздан кешкісін теміржол вокзалына барып вагоннан күрекпен көмір түсіруге мәжбүр болатын едік. Алдында байытып, соңынан жұмысын істетіп алған соң, болар болмас тиын-тебен беріп ондағы кулар біздерді шығарып салатын. Көмір ұнтағынан көзіміз бен тістеріміз ғана жылтырайтын біздер, қоғамдық көлікке мінуге ұялып, амал жоқ жаяулап-жалпылап таса-тасамен жатақханаға жететінбіз. Бір күні Әнуарбек деген курстас жолдасым, маған: «Тәшенов ағамыз қайырымды кісі деседі, мен балалар үйінде, ал сен пансионатта тәрбиелендің. Екеуіміздің де әкелеріміз соғыста қайтыс болған, сол ағаға барып материалдық көмек сұрайық», деді. Досымның сөзін тастай алмай, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы Төрағасының қабылдау бөлмесіне еріп бардым. Қабылдау кезінде сөзге пысық, университеттің маңдайалды спортшысы Әнуарбек екеуіміздің атымыздан қарнымыз ашып, жүдеп-жадап жүргеніміз жайында жалынышты түрде суреттеп айтып шықты. Ұялшақ мінезімнен болар мен ағаның бетіне дұрыс қарай алмай, екі көзім еденде болды. Ол кісі бізді көп ұстамай, ақылын айтып, шығарып салып жатып, төменіректе отырған хатшысына: «Мына екі студентке материалдық көмегімді жаз», деді. Ағаның сол жолғы көмегі, бір бөлмеде жатқан 17 балаға біраз уақыт ас-су болды.

Қарным ашып жүргенде жеген құйқаның дәмі, бүгінге дейін аузымда деуге болады. Заң факультетінің деканы М.А.Ваксберг деген профессор, кезінде саяси астармен Ленинградтан жер ауып келген, жасы жетпістен асқан, атақты ғалым еді. Әнуарбек екеуімізді кабинетіне шақырып: «Мұндай қадамға енді бармаңдар, стипендияларыңды алып тұрасыңдар, кәсіподақ та қарап қалмайды», – деді. Нәті біз туралы жоғарыдан тапсырыс болған ғой деп жорамалдадық. Рас, әлі күнге ұяламын. Екінші рет ағаны ұмытпасам, өткен ғасырдың 60-жылдары көрдім. ҚазГУ-дің бас ғимаратының акт залында ол студенттермен кездесу өткізді. Үлкен залда бос орын жоқ, сыймағандары ағаны үлкен екі ашық есік арқылы дәлізде тұрып тыңдады. Президиумда университет бастауыш партия комитетінің хатшысы жиынды басқарып отырды. Ректораттан басқа ешкім болмағанына қарағанда, ол кісінің қызмет сатысына сызат түсе бастаған кезі болуы мүмкін. Қысқа сөзден кейін Жүмекең студенттердің сұрақтарына жауап берді. Залдағы студенттердің толқуын айтып жатпай-ақ қояйын, сұрақтар көбіне саяси сипатта болды. Дәлізде тұрған біздерге Тәшеновтің дауысы нашар естіліп тұрды. Тәшеновтің сөзін шала-пұла естіп тұрған менің қасымдағы кейбір студенттер Мәскеудің қазақтарға жасаған қасақана саясатына ызаланып та жатты. Хрущевтің жүгерісі де сау қалмады. Жүмекең «тың өлкесі» мәселесінің Орталықта, Қазақстан басшылығының пікіріне қарамай шешілгендігін тура айтты. Кездесудің қызу өткені сонша, ол 3-4 сағатқа созылды, сұрақтар бітер емес. Жиынды жүргізушінің: «Жұмабек Ахметовичті шаршаттыңдар, енді осымен доғарайық», дегеніне қарамай, ол «сұрақтарың болса тоқтатпаңдар, мен халқымның қызметшісімін» дегені есімде қалыпты. Соған қарағанда, Жүмекеңнің Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметінен көп ұзамай кететінін болжаған-ау деп ойлаймын. Қазір Жұмабек Тәшенов туралы жазылып жүр. Дегенмен халқымыздың адал ұлына өзі туған елордада ескерткіш орнатылса, есімі ардақталса нұр үстіне нұр болар еді. Жүмекеңнің аты жастардың бойындағы ел мен жердің қадірін біліп өсетін патриоттық тәрбиеге үлес қосар еді..